

## БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

## «Сұрақтар арқылы мұғалімдердің сыни тұрғыдан ойлауын дамыту» коучинг

ЖАРИЯЛАНДЫ  
23.01.2020

СІЛТЕМЕ  
<https://bilimger.kz/90767/>

### Рыскалыев Жанболат Ондасынович Жаңаөзен қаласындағы №18 орта мектептің информатика пәні мұғалімі

#### Коучинг жоспары

**Тақырыбы:** «Сұрақтар арқылы мұғалімдердің сыни тұрғыдан ойлауын дамыту»

**Мақсаты:** Коучинг жүргізудің әдістемесін көрсету, мұғалімдерді жаңа тәсілмен таныстыру. Мұғалімдер арасында сенімділік қарым-қатынас орнату. Сыни тұрғыдан ойланудың маңыздылығын көрсету.

**Күтілетін нәтиже:** сыни тұрғыдан ойлаудың тиімділігіне көз жеткізу. Оқушыларға білікті сыни ойшыл болуға мүмкіндік беру.

**Түйінді идеялар:** Бірлескен озады, бірлеспеген тозады. Мектепте жеті модуль аясында жаңа тәсілдерді жүйелі және тиімді қолдану

**Дереккөздері:** Ноутбук, маркер, стикер, А4 парағы, смайликтер, бейнежазбалар

**Сілтеме:** МАН, Үлестірме

#### Қолданылатын әдіс-тәсілдер:

«Ойлан, топтас», сөздер арқылы, «Ой қозғау». Топтық жұмыс

Іс - әрекет	Коучтың іс-әрекеті	Мұғалімдердің іс - әрекеті
Топқа бөлу әдісі 5 мин	«Ойлан, топтас» сөздер арқылы бөлу	Тобын табу үшін сыни тұрғыдан ойланады, топқа бөлінеді

<p><b>«Ой қозғау» 15 минут</b></p>	<p>«Бүркіттің өміріндегі өзгеріс» бейнеролик (осы бейнероликті көріп болған соң табиғаттағы ең қырағы жыртқыш құс бүркіт те өмірінде өзгереді, ал мұғалімнің өзгеруі керек пе?) Топтық тапсырма беру — мұғалімнің өзгеруі керек пе? — мұғалімдер неліктен өзгеру керек? — жаңашыл мұғалім қандай болу керек? -мұғалім не үшін өзгеруі қажет</p>	<p>Сұрақтарға өз ойларын пікірлерін, айтады. Мұғалімдер топтасып постер қорғау арқылы проблеманың мәнін ашады. Жаңа заманда мұғалімдер қандай болуы керек деп толғанып өз-өздеріне сын көзбен қарайды. Өзгерген әлемде мұғалім де талапқа сай өзгеру керек дегенді ұғынып тұжырымдайды.</p>
<p><b>«Сиқырлы сұрақ» 8 минут</b></p>	<p>Ал сіз көп жағдайда қандай сұрақтар қоясыз?Топқа ортақ тапсырма 1. Жабық сұрақтар 2. Ашық сұрақтар туралы түсіндіру</p>	<p>Мұғалімдер жабық, ашық сұрақтар қандай екенін ажыратып мысал келтіріп түсіндіреді</p>
<p><b>Рефлексия 5 минут</b></p>	<p>Кері байланыс «Алақан» әдісі бойынша қатысушыларға ақ параққа сол қолдарын сызып, әр саусаққа бүгінгі коучингтен алған ойларын жаздыру. Коучингте қамтылған ақпараттарды жинақтау, талдау жасау.</p>	<p>Өз пікірлері мен ұсыныстарын жазады. Коучингтің қаншалықты тиімді өткені туралы ой-пікірлерін білдіреді</p>
<p><b>Жалпы қорытынды 2 минут</b></p>	<p>Коучтың сөзі: — сыни тұрғыдан ойлауды дамытудың ең жақсы тәсілі. Бірлесен оқу ортасында оқушылар мұғалімнің қолдауы арқылы белсенді сыни тұрғыдан ойлауға тартылады. Коучингке қатысқандарыңызға рахмет!</p>	

**ҚМ АА** Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.